

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің  
«ЖОО-ның 2023 жылғы үздік оқытушысы» атағын беруге  
университетшілік конкурсының кезеңін өткізу бойынша конкурстық  
комиссия отырысының 2023 жылдың 15 қарашасындағы  
№1 ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқандар:** Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Махмет М., PhD, қауымд. проф. Ержан Қ., PhD Абылов Т.Т., PhD Темирбаев Т.Т., PhD Ботакараев Б.К., PhD Анарбаев Н.С., хатшы Латипова С

**Күн тәртібі:**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2023» конкурсына Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді Республикалық ІІ кезеңіне ұсыну.

**Тыңдалды:** Махмет М. - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры: 2023 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының университетшілік І кезеңі ағымдағы жылдың 1-10 қараша аралығында өтті. Университеттің ғылыми кеңесінде (27.10.2023ж №3 хаттама) ұсынылған. 1 үміткердің кандидатурасы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің <https://universitycontest2023.iac.kz/> Ақпараттық жүйесіне құжаттары жүктелді.

№	Аты-жөні	Факультеті	Алдын-ала ұпайлар	Сараптамалық ұпайлар
1.	Рыскиева Айымжан Абуовна	Ислам ілімдері	85	85

2023 жылдың 9 қарашасында ҚР ҒЖБМ Ақпараттық жүйесіне жүктелген үміткерлердің құжаттарын сараптамадан өткізу мақсатында эксперттік топ жұмыс жасады. Эксперттік топ құрамы үміткер бойынша сандық және сапалық көрсеткіштеріне және жылдық жоспар кестесіне байланысты сараптама жасап, қорытындысы университетшілік конкурс комиссиясының қарауына ұсынылды.

Конкурсқа қатысушы үміткерлер жетістіктерінің сандық-сапалық көрсеткіштері, ашық сабақ өткізу және сауалнама қорытындысы жан-жақты талқыланып, (дипломдардың, мақалалардың, құжаттардың көшірмелерін, мақалаларға сілтемелерді, патенттерді, дәріс тезистерін және т.б.) сарапталып Университетшілік конкурсының нәтижесінде жоғары көрсеткіштерге ие

болған келесі үміткер Республикалық конкурстың ІІ кезеңіне ұсынылды. Эксперттік топтың қорытындысы университет сайтына жүктелді.

**ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» конкурсына Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінен 1 оқытушының кандидатурасы ұсынылсын:

№	Аты-жөні	Еңбек өтілі	Алдын ала ұпайлар	Эксперттік комиссия ұпайы
1.	Рыскиева Айымжан Абуовна – философия ғылымдарының кандидаты	22	85	85

Конкурстық комиссия төрағасы

Хатшы



*(Handwritten signature)*

Махмет М.

Латипова С.